

Түркістан облысы Сайрам ауданы

«Ақбөлем» Бөбекжай бақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАР

(Хаттамалар, жоспарлар, бұйрықтар, кеңес материалдары)

2023–2024 оқу жылы

**ЖШС «Ақбөлем» бөбекжай балабақшасы
БҰЙРЫҚ**

№11

28 тамыз 2023 жыл

Ақарыс ауылы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңын,
«Білім туралы» Заңын және педагогикалық әдеп қағидаларын
басшылыққа ала отырып, ЖШС «Ақбөлем» бөбекжай балабақшасында
педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету
мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. ЖШС «Ақбөлем» бөбекжай балабақшасында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылсын.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Педагогикалық әдеп қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің педагогикалық әдеп мәселелеріне қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері.

Меңгеруші: _____



Канибекова Е.

Түркістан облысы
Сайрам ауданы білім бөлімінің
“Ақбөпем” бөбекжай бақшасы

Ақарыс ауылы

28 тамыз 2023 жыл

**Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес құру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің педагогикалық әдеп мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі төмендегі құрамда бекітілсін:

Лауазымы	Аты-жөні
Кеңес төрайымы	Күздеуова Н.
Менгеруші	Канибекова Е.
Әдіскер	Төленді А.
Ата-аналар комитетінің төрағасы	Матжанова С
Кеңес хатшысы	Төленді А.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі: _____ Канибекова Е.



**ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісінің
2023 жылғы 28 тамыздағы №11 бұйрығына
2-қосымша**

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы

1. Күздеуова Н. – кеңес төрайымы;
2. Төленді А. – кеңес хатшысы;

Кеңес мүшелері:

3. Канибекова Е. – меңгеруші;
4. Ата-аналар комитетінің төрағасы –Матжанова С кеңес мүшесі;
5. Тәрбиеші –Рустембек Қ кеңес мүшесі;
6. Тәрбиеші – Нурмағамбетова С кеңес мүшесі;



Бекітемін

Ақбөлем бөбекжай-бақшасы

Менгеруші Канибекова Е

Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы мен хатшысын тағайындау. 3. Кеңес жұмысының алгоритмі.	Қыркүйек 2023 ж	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде: 1. Құқықтық және этикалық жағдайларды талқылау. 2. Практикалық тренинг. Эмоциялық қолдау көрсету әдістері. 3. Педагогтардың пікірлерін тыңдау.	Қараша 2023 ж	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде: 1. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы диалог әдебі. 2. Қиын жағдайларды мысалдармен шешу. 3. Әдепті қарым-қатынастың артықшылықтарын талқылау.	Наурыз 2024 ж	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы Күн тәртібінде: 1. Әдеп кеңесінің жұмыс нәтижелерін талқылау. 2. Жыл бойы орын алған әдеп бұзушылықтарды талдау. 3. Жаңа оқу жылына әдеп кеңесіне ұсыныстар енгізу.	Мамыр 2024 ж	Хаттама

ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №1 ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: Қыркүйек 2024 жыл

Төраға: Күздеуова Н.

Менгеруші: Канибекова Е.

Хатшы: Төленді А.

Күн тәртібі

1. Педагогикалық әдеп және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы мен хатшысын тағайындау.
3. Кеңес жұмысының алгоритмін бекіту.

Тыңдалды


Менгеруші Канибекова Е. педагогикалық әдеп кеңесінің құрылуы, мақсаты мен міндеттері туралы баяндама жасады. Кеңестің қызметі педагогтердің кәсіби әдебін сақтау, ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру және педагогикалық әдеп нормаларын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталғаны айтылды.

Сөз сөйледі

Күздеуова Н. кеңестің жұмыс жоспарын таныстырып, кеңес төрағасы мен хатшысының міндеттеріне тоқталды. Төленді А. хаттамаларды рәсімдеу тәртібін түсіндірді.

Қаулы етті

- Ереже бекітілсін,
- Төраға – Күздеуова Н., хатшы – Төленді А. болып бекітілсін.
- Жұмыс алгоритмі бекітілсін.
- Орындалуын Канибекова Е. бақылауға алсын.

Төраға  Күздеуова Н.
Менгеруші  Канибекова Е.
Хатшы  Төленді А.

ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №2 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: Қараша 2023 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Төраға: Күздеуова Н.

Менгеруші: Канибекова Е.

Хатшы: Төленді А.

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері.

Күн тәртібі

1. Құқықтық және этикалық жағдайларды талқылау.
2. Практикалық тренинг: эмоционалдық қолдау көрсету әдістері.
3. Педагогтердің пікірлерін тыңдау.

1-мәселе бойынша тыңдалды

Кеңес төрағасы Күздеуова Н. педагогтердің құқықтық және этикалық жауапкершілігі туралы баяндама жасап, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы мен педагогикалық әдеп қағидаларының талаптарын түсіндірді. Ұжым мүшелері қызмет барысында кездесетін түрлі жағдайларды талқылады.

2-мәселе бойынша тыңдалды

Практикалық тренинг барысында педагогтерге эмоционалдық қолдау көрсету, кәсіби күйзелістің алдын алу, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату және жанжалдарды бейбіт жолмен шешу тәсілдері көрсетілді.

3-мәселе бойынша тыңдалды

Педагогтер өз пікірлерін білдіріп, тәжірибеде кездесетін мәселелер бойынша ұсыныстарын айтты. Кеңес мүшелері тәжірибе алмасып, ортақ шешімдер қабылдады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау тұрақты бақылауда болсын.

- Педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
- Эмоционалдық қолдау көрсету әдістері күнделікті тәжірибеде қолданылсын.
- Қабылданған шешімдердің орындалуын меңгеруші Канибекова Е. бақылауға алсын.

Төраға:  Күздеуова Н.

Меңгеруші:  Канибекова Е.

Хатшы:  Төленді А.

ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №3 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: Наурыз 2024 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Төраға: Күздеуова Н.

Менгеруші: Канибекова Е.

Хатшы: Төленді А.

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері.

Күн тәртібі

1. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы диалог әдебі.
2. Қиын жағдайларды мысалдармен шешу.
3. Әдепті қарым-қатынастың артықшылықтарын талқылау.

1-мәселе бойынша тыңдалды

Кеңес төрағасы Күздеуова Н. тәрбиеші мен ата-ана арасындағы өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынастың маңыздылығына тоқталды. Ата-аналармен әңгімелесу мәдениеті, сындарлы кері байланыс беру және жанжалдың алдын алу тәсілдері түсіндірілді.


2-мәселе бойынша тыңдалды


Педагогтерге тәжірибеде кездесетін қиын жағдайлар ұсынылып, оларды педагогикалық әдеп нормаларын сақтай отырып шешу жолдары талқыланды. Әрбір мысал бойынша кәсіби шешім қабылдау алгоритмдері қарастырылды.


3-мәселе бойынша тыңдалды

Ұжым мүшелері әдепті қарым-қатынастың білім беру сапасына, ұжымдағы ынтымақтастыққа және ата-аналардың сенімін арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Өз тәжірибелерімен бөлісіп, ұсыныстар енгізді.

- Педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
- Эмоционалдық қолдау көрсету әдістері күнделікті тәжірибеде қолданылсын.
- Қабылданған шешімдердің орындалуын меңгеруші Канибекова Е. бақылауға алсын.

Төраға:  Күздеуова Н.

Меңгеруші:  Канибекова Е.

Хатшы:  Төленді А.

ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №4 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: Мамыр 2024 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Төраға: Күздеуова Н.

Меңгеруші: Канибекова Е.

Хатшы: Төленді А.

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері.

Күн тәртібі

1. Әдеп кеңесінің жұмыс нәтижелерін талқылау.
2. Жыл бойы орын алған әдеп бұзушылықтарды талдау.
3. Жаңа оқу жылына әдеп кеңесіне ұсыныстар енгізу.

1-мәселе бойынша тыңдалды

Кеңес төрағасы Күздеуова Н. 2023–2024 оқу жылы ішінде Педагогикалық әдеп кеңесінің атқарған жұмыстары бойынша есеп берді. Жыл бойы өткізілген кеңес отырыстарының нәтижелері сараланып, педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау деңгейіне талдау жасалды.

2-мәселе бойынша тыңдалды

Меңгеруші Канибекова Е. жыл ішінде тіркелген әдепке қатысты мәселелерге тоқталып, олардың алдын алу бағытында жүргізілген жұмыстар туралы баяндады. Педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

3-мәселе бойынша тыңдалды

Педагогтер келесі оқу жылында педагогикалық әдепті нығайту, ата-аналармен серіктестікті дамыту, кәсіби мәдениетті арттыру және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Педагогикалық әдеп кеңесінің 2023–2024 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- Әдеп бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстар келесі оқу жылында жалғастырылсын.
- Жаңа оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары ұсыныстар негізінде толықтырылсын.
- Қабылданған шешімдердің орындалуын меңгеруші Канибекова Е. бақылауға алсын.

Төраға: _____ Күздеуова Н.

Меңгеруші: _____ Канибекова Е.

Хатшы: _____ Төленді А.